

2006 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 899 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы
мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Азат Габбасұлы Бектұровқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2006 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

30

маусымдағы

№

899

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

**2006 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының
аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол
учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында
орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша
тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу
тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і

2009 жылғы 21 мамырдағы Хаттамамен өзгерген 1996 жылғы 18 қазандағы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы
темір жол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық
реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің ережелерін ескере отырып,

2006 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағында орналасқан
Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан
Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері
бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі
туралы келісімнің 24-бабының ережелерін басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 12 және 14-баптары алып тасталсын.

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 26-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

20__ жылы « » қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкімет үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*